

**ЖАХАНДЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ҮЙЛЕСІМІ ЖӘНЕ  
ҚАРАҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ****Ермек Анар**

ermek\_anara@inbox.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Жаратылыстану ғылымдары факультеті,  
биология мамандығы, БГ-11 тобының студенті,  
Нұр Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – т.ғ.к. доцент Ж.К.Есимова

Жаһандануды әмбебап мәдениетке қол жеткізу процесі ретінде танитындар мен бұның жүзеге асуының мүмкін еместігін өздерінше дәлелдеп жүргендер көп.

Негізінде этникалық топтар арасындағы айырмашылықтар сырт көзге ғана солай көрінеді, ал шындығында, негізгі құрылымдық мәселелерде топтардың әрдайым бір-бірлеріне ұқсас екендіктерін дәлелдеп жүрген теоретиктер де әрбір қоғамның бірыңғай процестерден өту арқылы нәтижесінде бір ғана адамзат қоғамына, яғни, әмбебап мәдениетке жететіндігіне сенеді.

Болашақтағы осындай әмбебап мәдениеттің дінгегі Батыс Өркениеті деген пікір кең етек алып келеді. Бұл теорияның төркінінде Батыс империализмі мен әмбебап мәдениеттің көзі Батыс Өркениеті деген түсінік жатыр. Бұл процессті Батыстың бүгінгі жүйесін сақтап қалу, капиталистік өндіріс, нарық пен капитал арасындағы кедергілер мен тығырықты кешеуілдету үшін ойлап тапқан шара деп білетіндер де кездеседі.

Міне, осындай оғаш түрдегі өзгеру процесі - идеологияға айналып, қашып құтыла алмайтын процестің ішіндеміз деген сияқты үгіт-насихат белең алып барады. Олар, жаһандану арқылы барлық лаңкестіктер, соғыстар бітеді, бейбіт-мамыржай тіршілік басталады деп сендіруде. Жаңадан бас көтеріп келе жатқан соғыстар - халықаралық дәрежеде емес, мемлекет ішінде аймақтық-этникалық соғыстар болады дейді. Бұл жағдайда, жаһандануға қарсы бөгет болып тұрған ұлттық мемлекеттер, ұлттық мораль және мәдениет сияқты құрылымдарды жою, бөлу, ал аймақтық болмыстарды қолдау арқылы, жаһандану үшін оңай жұтылатын күлшеге айналдыру қажет екен.

Адамның шыр етіп дүниеге келген уақыттан бастап өскен ортасы, кеңістігінен алған мәліметтері мен танымдары негізінде қабылдаған құндылықтар дүниесі мен қам қарекетіне кең мағынада мәдениет деп қараймыз. Мәдениеттің ең басты күретамырлары дін, дүниетаным, мағлұмат, тарихи сана мен жад.

Біздің қолданатын заттық (материалдық) және рухани дүниелеріміз бен қам қарекеттеріміз мәдениетіміздің көрінісі болып табылады. Осы мәдениеттің қанға сіңуі және келесі ұрпаққа аманат ретінде берілуіндегі ең басты қызметті тіл атқарады. Егер ана тіл шұбарланып тұншығар болса, ой да көмескеленіп, мәдениет те өледі дей беріңіз. Онда «ұлттық мен» немесе ұлттық болмыс та жойылды деген сөз. Ана тілі - «ұлттық болмыстың» еркін ойлауы мен тыныстауын, ұлттық сананың үздіксіз жаңғыруы мен түлеуін, оның ғарышпен үндесуін реттеп отыратын рухани шабыт көзі - ұлттық құндылықтарымыздың өрісі.

Ана тіл және «ұлттық болмыс» немесе «ұлттық сана» арасында өте тығыз байланыс бар екендігі белгілі. Бұл жерде «Ұлттық болмыс» деп қандай да бір қоғамның ұлт екендігін айқындайтын қасиетті айтып отырмыз. Ал «ұлттық сананың сол ұлттың болмысы мен тіршілігін жалғастырып, әрі оны басқа ұлттардан ерекшелеп тұратын құндылықтарға деген махаббаты арқылы тануға болады. Қандай да бір ұлттық құндылық деп халықтың оны (құндылықты) қабылдап, «менікі, өзімдікі» деп қастерлеу, құрметтеу қабілетінің деңгейін айтып отырмыз. Құндылықтар біздің дүниетанымдық әлеміміздегі ең негізгі түсініктер мен ұғымдар болса, бұлар ана тіліміздегі «сөз әлемі» мазмұндарының ғасырлар бойы қолданылып келген дүниетанымдық ұстындар негізінде қалыптасады. Әр мәдениеттің өзіне тән дүниетанымдық болмысы бар. Яғни қандай да бір ұлттың ана тіліндегі ұғымдардың мазмұны сол ұлттың белсенді дүниетанымдық сонымен қатар құндылықтық жүйесінің қуаты негізінде қалыптасқандығының көрінісі. Бұл шындық әрбір ұлттың әлемді өз ана тілі арқылы танитындығын тағы да айқындай түседі. Сонымен қатар бұл шындық «ұлттық болмысты» сомдайтын тездің (қалыптың) де қызметін атқаратындығын көрсетеді. Яғни, ана тіл ұлттың

өзін анықтайтын және басқалардан ерекшелейтін қасиеттедің қайнар көзі. Міне сондықтан да ұлттың ұлттығын жалғастырып тұрған арналардың басында тіл тұр дейміз. Тіліміздегі сөздер мен ұғымдар мәдениет әлемінен, тарихи сана қатпарларындағы ойлау қалыптары мен танымдық ұстандары еске салып, жаңғыртып отырады. Яғни, біз егер тіліміздегі ұғымдардың орнына жаппай басқа тілдегі «кірме терминдерді» қолданатын болсақ, төл дүнитанымдық дәстүрлер арасындағы негізгі ұстандар мен ойлау жүйеміздегі қалыпты қатпарларға жете алмаймыз. Бұл - ешқашан өзіндік сырлы ой мен пікірге терең бойлай алмаудың, яғни еркін ойлаудан мақрұм қалудың нышаны.

Мәдениет сол қоғамның заттық-рухани салалары тарапынан жасампаздықпен дүниеге келген «перзенті», яғни мирасы болса, сол мирасты иемденушілер әр дәуірде әрбір «ғасырлар тоғысында» оған қамқор болып, төл мәдениетінің жанашырлары екендігін тілімен емес ділімен, ісімен дәлелдей білулері қажет. Әйтпесе ондай қоғам өз мирасының иесі емес жетімегі болып шыға келеді. Мұндай жағдай қоғам үшін берекетсіздік пен хаостың туындауына әкеліп соғады. Ал хаос дегеніңіз ешқашан ұзаққа созылмайды. Оның бостығы басқа мәдениеттер тарапынан оп-оңай толтырыла салады. Бұл құбылыс «құлағы тілік» мәлім жайды, яғни «мен» немесе «ұлттық болмыс» мәселесін өзімен қоса қабат әкеледі. Өзінің «менін» ұмытқан адам - қаңбақ. Оның мақсаты мен бағытын тек «жел» ғана анықтайды.

Мәдениет ұлттың үздіксіз тарихи сабақтастығының жемісі мен жеңісі. Сондықтан мәдениет дегенде ойымызға ұлттық дәстүріміз келеді. Өйткені, ойымызды жеткізетін ұғымдарды дәстүріміздегі дүниетанымдық ұстындардан аламыз. Олар арқылы ана тіліміздегі ұғымдармен ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырамыз. Осы ұстындар арқылы тек қана ойларымызды ғана емес ой-пікір, дүниетанымдық құндылықтар жиынтығынан тұратын мәдениетімізді де мирас етіп келешек ұрпаққа аманат етіп қалдыра аламыз. Басқаша айтқанда адам мәдениет тасушы болмыс болса, мәдениет те сол адамдық «менді» тасушы «аруана» сияқты.

Төл мәдениетіміздің айнымастан үздіксіз дамуын қамтамасыз ету керек десеңіз «күл астындағы қордай» сақталуы тиіс мәдени заңдылықтар мен қағидаларды анықтап алғанда ғана ұлттық мәдени дамуымыз соған орайлас бағыттталып, реттеліп отырады сөзсіз. Осы орайда, Туркияның өткен ғасырдағы атақты ұлтшыл жазушысы Пейями Сафа «өткенін ұмытатындай жады жоқ, келешегін қиялдайтындай жаны жоқ, армансыз, үмітсіз ұлт үшін тарих керуенінде орын жоқ», дейді [9]. Сірә, мәдениет ұлттық болмысты анықтайтын «Мен» субстанцияға өз бояуы нәрімен сипат беріп отыратын ең негізгі ұйытқы күш. Ол «меннің» өмір сүруінің ең басты шарты.

Терең ойлау ана тілдің дамуына ықпал ететіндігі сияқты, ана тілді қолдану да терең ой мен тұнық пікірлерді жаратудың алтын бесігі. Яғни Гумбольдтың айтқанындай, ғылым мен философияда алға басу жаратушы күшке ие болу тек ана тілімен табысып, үндесе білуге байланысты, Ана тілдегі «жаратылған әлемді» басқа әлемге жеткізу тәржімалау үшін «басқа тілді» қолданамыз. Сондықтан әсіресе философиядағы ұғымдарды ана тілімізден тулетуге мән беру еркін ойлау көзінің ашылуына, тарихи санадағы ой желілерінің жаңғыруына, негізгі дүниетанымдық күретамырлармен байланысты нығаюына ықпал етеді. Ана тілі білім беру және ғылым тілі болғанда ғана дамып, жанданады. Осы салаларда ана тілі қолданылмайтын қоғамда дені дұрыс ой иелерінің шығуы да екіталай. Сондықтан жаңа, еркін елдің қоғамдық санасындағы серпілістің жүзеге асуы үшін оған тек сол ұлттың философиясы ой жүйесі ықпал етіп, ертеңіне есік аша алады.

Адам адамнан үйренеді, адамның күні адаммен. Адамнан адамның артық кемі жоқ. Бір-бірінен ала отырып, бере де біледі. Олардың әлемі тіршілік ортасы бір. Бұл ортақ дүние әртүрлі мәдениеттердің арасындағы қарым-қатынастарға жол ашады. Философ тіршілігінің негізін де осы ортақ дүниеден алады. Ортақ дүниеде әртүрлі «әлемдер» мәдениеттер, жеке адамдарды ортақ етіп немесе ажыратып тұратын ерекшеліктердің ақиқатына жеткенде ғана өз болмысыңды, ұлттық «меніңді» танысың. Сондықтан біз үшін қай мәдениет мұхитына жататынымыз, қай қоғаммен туыс-еншілес екеніміз, қай тілде, қандай ділде ойлап, толғанатымызды, сөйлейтінімізді жалпы, мәдениет-анамыздың болашағын анықтау мен

мәніне жету мақсаты оны тарих-атамыздың үш кезеңімен (өткені, бүгінгі мен ертеңі) тұтастықта, үндестіре алғанда ғана айқындала түседі. Бұған қоса, қазіргі «глобализм, нарықтық экономика мен ашық қоғам» айдарлы үш аяқты «дөңгеленген дүниеге» өзіндік философияңызды, ұлттық экономикаңызды, төл мәдениетіңізге негізделген ғылыми, мәдени, дүниетанымдық, демократиялық айқын мақсатты әрі нық тұғырлы даму стратегияңызды сайлап алмастан «араласып» кетсеңіз (араласып та жатырмыз) «будандасқан мәдениет» былай тұрсын, тарих керуенінде «өз болмысыңның жұрнағын» күндіз шаммен іздесең де таба алмай қалуың ықтимал... [10]. Бүгінгі «американ глобализмі» кешегі колониализмнің шөбересі, империализмнің немересі, «коммунистік орыс глобализмінің» руласы... Міне, кешегі «коммунизм глобализмінен» аман-сау қалғанына тәуба деп, енді ғана егемендігінің тізгінін қолына алып, көшін түзеп жатқан біз үшін осындай «ықтималдарды» бүгіннен көре алмасақ, ертең жылағанмен кеш қаламыз. «Көздің жасын көлдетудің, бүгінді ертеңмен байланыстыра алмай текке отырудың балалық екендігін» кешегі қазақтың маңдайындағы асылдары мен шәйттері ұрпақтарына аманат етіп айтып кетпеп пе еді?

Меніңше, әлемдік деңгейдегі ғылымға, философияға үлес қосу үшін «өзіндік қырын мен менің» маңызды. Сол «менді» сипаттайтын, анықтайтын өлшем мәдениет емес пе екен? Осы бағытта ұлттық философия төңірегінде тәй-тәй басқан жас зерттеушілеріміздің ізденістері ой салып, үйретіп, үмітінді ұштай түседі. Философияны ғылымға айналдырып жіберуден гөрі, онда «ақиқат жолында тәй-тәй басу» кемістік емес, әрине. Осындайда, «...ен пайдалы ғылым қоғамның игілігі үшін жасалған ғылым» деген пайғамбарымыздың сөзі еске орала береді.

Өз мәдениетінің үш уақыт ішіндегі күретамырларын, ой-пікір қазыналарынан тұратын дәстүрлі арналарының ізін, тұла бойын тұтастай көктеп өтетін жүйелі қалыбын тауып, қайта жаңғырта білетін оны бүгінгі белесінен, үміті мен асқарынан болашағына жетелейтін жол көрсете білетін адам ғана «нағыз философ» болуы керек. Бұл атақты «батыстық немесе басқа» экзаменаторлар емес, сол мәдениеттің жаңғыруы, еркіндіктің баяндалығы мен ұлттық құндылықтардың жандылығы ғана бере алар. Дегенмен бүгінгі нағыз философтарға да ертеңгі тарихымыз ғана әділ бағасын бере алады.

Бүгінгі таңда қағанағы қарқ болып отырған, төрт құбыласы түгел философиялық ойлау жүйесі жоқ, бар болса да қалыптасу үстінде. Әр мәдениет басқалардан өзінің «жоғын» іздеуде. Сен өзінде барды көрсете алмасаң немесе тырыспасаң, «басқаға» жағынамын, «нағыз философ» боламын деп «жайдақтатуыңды» шектемесең ешкімге керегің жоқ. Ол сенен өз жоғын күтеді әрі үміттеніп те отыр. Өйткені олар бүгінгі таңдағы ерік, жігер, еркіндік, мораль, адамгершілік сияқты жұтаңсып отырған жалпыадамзаттық құндылықтарды құнарландыратын сырлы да жанды ой ұшқындарын, сенің дәстүрлі түркілік дүниетанымыңдағы ерекшеліктер мен ұстындарыңнан күтеді. Міне біз осы құндылықтарымызға ұласып, үндесіп, сол әлемнің бел ортасында жанды адам ретінде үйлесе алатын болсақ ыстық философиялық ойлау негізіне оралғанымыз. Қорыта келе, тіл және ойлаудың тазалығын қамтамасыз ету төл мәдениетімізді экологиялық кірленуден арылуы мен түлеуіне ықпал ететін қам-қарекет сонымен қатар ділінді алып шығатын желкен. Қоршаған ортаны, әлемді, өзімізді, тарихымызды басқаның тілімен, көзімен, ой-қалыбы терезесімен емес, «қазақы қазанымызбен» қайнатып көруге, тануға тырысқанда ғана төл тарихы бар мәдениеті бар, егеменді елі бар «мен» деп ауыз толтырып айта алатынымызды әлемдік тәжірибе айғақтайды.

Егер біз бүгін мәдениетіміз үшін жауапкершілік сезініп, қайғыра білсек, ол да ертеңіміздің ұрпағын ойлағанымыздан деген ойымды жинақтай келе «қайтсек өз мәдениетімізді» толыққанды тасушы бола аламыз немесе «менің бүгінге тасып, әлемдегі орнымды көрсетіп отырған мәдениет-анамызды қалай сақтай аламыз» деген қауіптен туған ойымыздың ойы-қырын ағайын өзі тарта жатар демекпін.

#### **Қолданған әдебиеттер тізімі**

1. Мемлекет Басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. 12 сәуір 2017 ж. URL [https:// www.akorda.kz](https://www.akorda.kz).

2. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» - 31 қаңтар 2017 ж.
3. Н.Ә.Назарбаев Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.
4. Шваб Клаус Төртінші индустриялық революция.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 200 б. (9-13 бб.)
5. Тер-Минасова, С.Г.Тіл және мәдениетаралық коммуникация. Алматы; Астана, 2018
6. Стиглиц Дж.Глобализация: тревожные тенденции / Пер. с англ. и примеч. Г.Г.
7. Сыдыков Е.Б. Модернизация общественного сознания и новые задачи исторической науки URL [https:// el.kz/news/ruhani-zhangyru/](https://el.kz/news/ruhani-zhangyru/).